

«Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Кәсіптік бағдар беру бойынша 01.09.2023- 02.05.2024 ж. есебі

Оқушының саналы түрде мамандық тандауы - бұл көптеген факторлардың және сол оқушының әлемге көзқарасының қалыптасуымен байланысты күрделі де ұзақ процесс. Мұнда адамның болашақта кім болуын, қандай қоғамдық топта болуын, қайда және кімдермен жұмыс істейтінін және өмір сүрудің қай стилін таңдауын т.с.с айқындайды. Оқушылардың кәсіби жарамдылығы, медициналық, білімдік, әлеуметтік саяси және психологиялық іріктеу жүргізумен бағаланады. Мамандықты таңдап алу дегеніміз - өзіне ұнаған мамандықтың оқуына түсу емес, ол адамның мүмкіндіктеріне байланысты, яғни адамның таңдап алған мамандығының талаптарына кейбір қасиеттері мен мүмкіндіктері, мектептегі үлгерімі, денсаулығы, мінез-ерекшеліктері, ойлау және таным ерекшеліктері сәйкес келуі. Бұл жерде кәсіби жарамдылықтың рөлі ерекше. Яғни әр мамандықтың адамға қоятын талаптары алуан түрлі. Оқушының мамандықты өз мүмкіндігіне сай дұрыс таңдап алуы қоғам үшін де, өзі үшін де тиімді. Себебі, өзің таңдап алған мамандығыңа деген қызығушылығың немесе сол мамандыққа шын ықыласың, сонымен бірге сол жұмысты қоғамның көңілінен шығатындай етіп орындасаң, бәрі де ойдағыдай болуы тиіс.

Кәсіптік бағдар беру бағытының мақсаты: мектептің 7-11 сынып оқушыларына оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету, оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

Мақсатқа сәйкес «11» және «9» сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама» жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары кейбір оқушылар өз бағыттарын, мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, кейбір «11», «9» сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті.

Кәсіптік бағдар беру жоспарына сай 9, 11 сынып оқушыларына әр қаладан, университеттерден, колледждерден ұстаздар, студенттер келіп мамандықтармен таныстыруда және де мектеп ұстаздары оқушыларды Атбасар қаласының кәсіпорындарына, мекемелеріне апарып жүр. Басқа қалалардың университет, колледждердің оқытушылары келіп кәсіби бағыт бағдар беруде. Оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру және қызығушылық қабілетін айқындау мақсатында оқушылардан: «Мен мамандықты таңдаймын», «Кім боламынд? «Мамандықтың бәрі жақсы», «Не? Қайда?Қашан?» баяндама оқылып, викторина өткізілді.

Ата-аналарға кәсіптік бағдар бойынша кеңес беру жұмыстары ата-аналар жиналысында «Баланың мамандық таңдаудағы ата-ананың ролі», «Біздің балаларымыздың таңдайтын мамандықтар», «Өзіңді және балаңызды

емтихандарға қалай дайындау керек?» тақырыбында ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілді, сауалнамалар алынды. Оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың ролінің маңыздылығын түсіндіру.

11 «А» сынып Атбасар қаласының мұрағатында болды.



Петропавловск қаласындағы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы академиясының подполковнигі Муханбеталин Жаслан Еркенович 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізді.



Атбасар қаласының 4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығының орынбасары Базылбеков Қ.Қ. 11 – сынып оқушыларымен үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Оқуға түсу шарттары және мамандықтың маңыздылығы жайлы айтып өтті. Оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



“Көкшетау гуманитарлық-техникалық” колледжін таныстыру мақсатында Байкенов М.А. және Жигарь В.Г. 9 және 11 сыныптарға ақпарат беріп, колледж мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Атақты жазушымыз Ілияс Есенберлиннің мұражайына барып, көптеген қызыққа толы жаңалық алып, өзара талқылап бір-бірімен бөлісіп жатты. Және Үмітжан апайдың қойған сұрақтарына қызығушылықпен жарыса жауап беріп, мақтауға ие болды. Балаларға мұражай өте ұнап, алда тағы да келеміз деп жатты




Атбасар әскери бөлімінде болды. 10-11 сынып оқушыларына әскери өмір қалай болатынын, қандай талаптар қойылатынын түсіндірді. Сонымен қатар кинолог маманы ит пен өз шеберлігін көрсетті. Оқушылар көп жаңа ақпарат естіп-көріп жақсы әсерлі күймен оралды.



Астана қаласы «Қазақ технология және бизнес университеті» және осы университеттің колледжінің өкілдері Серкебаев Е.Р., Ешпанов В.С., Усманов К.К. келіп, 9, 11 сынып оқушыларына үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Оқуға түсу шарттары және мамандықтың маңыздылығы жайлы айтып өтті.

Кәсіптік бағдар берудің негізгі мақсаты: оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандықты ерекше, саналы және өз бетінше таңдауға дайындау



“Esil University” университетінің оқытушылары және студенттері келіп 10, 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Оқушыларға оқу орны туралы толық ақпарат беріп, оқуға түсу шарттарымен таныстырды. Сондай-ақ, “Esil University” университетінің студенттер оқушыларымызға өз өнерлерін көрсетіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.




2024 жылдың 19 қаңтар күні мектебімізге кәсіптік бағдар беру мақсатында, Атбасар ауданының ОӘБ инспекторы аға лейтенант Балтабаева З.М. , 11 сынып оқушыларына Ш. Қабылбаев атындағы ҚР ІІМ Қостанай академиясы туралы толық ақпарат берді, оқуға түсу шарттарымен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C31julooG5I/?igsh=MW100GRkazBnMm5pNA>



26.01.2024 жылы 11 сынып оқушыларынан кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша сауалнама алынды. Бұл сауалнаманың негізгі міндеті-кәсіптік бағдар беру жұмысында көмектесу, оқушыларға заманға сай жақсы мамандық таңдауға көмек көрсету.

<https://www.instagram.com/p/C2twihPMRXj/?igsh=Mzk1a3F2OG1pNGVI>



31.01.2024ж 9"А",9"Ә", 10"А", 11"А" сыныбында сынып сағаты өтті.

Тақырыбы: Профи time,мамандықтар әлемі.

Мақсаты:1.Мектеп бітірушілерге кәсіби бағдар беру, оқушыларға болашақ мамандық таңдауға көмектесу;
2. оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, алдағы уақытта мамандықты дұрыс таңдай білуге,таңдаған мамандығының өз білімділігімен қабілетімен сәйкес келуіне бағыт бағдар беру;

3. Түрлі мамандық иелерімен кездесіп, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру,ғылымға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;


<https://www.instagram.com/p/C2wPZ0Qs9lw/?igsh=MWV3dmxmcG5wZnF6ZQ==>



27 ақпан 2024 жыл мектебімізге кәсіптік бағдар беру мақсатында Астана қаласы, Көлік және коммуникация жоғары колледжінің оқытушысы Талғат Нурмаганбетов 9, 11 сынып оқушыларына колледж туралы толық ақпарат берді, оқуға түсу шарттарымен таныстырды.

Мақсаты: Оқушыларды мамандықтар, оларды алу жолдары, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы хабардар ету, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау

<https://www.instagram.com/p/C31zCmnsV3o/?igsh=MTF4cHZkYnJ4ZnQzZg==>



27 ақпан 2024 жыл мектебімізге кәсіптік бағдар беру мақсатында, Көкшетау қаласы, Ш. Уалиханов университетінің оқытушылары 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Оқушыларға мамандықтар, оқу орны туралы толық ақпарат беріп, оқуға түсу шарттарымен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C31zCmnsV3o/?igsh=MTF4cHZkYnJ4ZnQzZg==>



3 наурыз 2024 жыл мектебімізге кәсіптік бағдар беру мақсатында, Көкшетау қаласы, Жоғары АРНА колледжінің оқытушысы 9, 11 сынып оқушыларына колледж туралы толық ақпарат беріп, оқуға түсу шарттарымен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C4FVCxasZJ1/?igsh=MTItdDJ5MHF5azdkaQ==>



5 наурыз 2024 жыл мектебімізге кәсіптік бағдар беру мақсатында, AlmaU Жоғары көпсалалы "Зейнеп" колледжінің оқытушылары 9 сынып оқушыларына колледж туралы толық ақпарат беріп, оқуға түсу шарттарымен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C4IIBSrsW5W/?igsh=OGRpbW01MWR5a2hv>



04.04.2024 ж. Кәсіптік бағдар беру мақсатында, Көкшетау қаласы, Гуманитарлы-Техникалық колледжінен КГТК, Гуманитарлық-техникалық академиясы ГТА оқытушылар келіп, 9, 11 сынып оқушыларына оқуға түсу шарттарымен, мамандықтармен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C5VWglsstN-/?igsh=ZDgxM2dtdHMybHl0>



17.04.2024 ж. Кәсіптік бағдар беру мақсатында, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы Аграрлық-индустриалдық колледж” МКҚК оқытушылары келіп, 9, 11 сынып оқушыларына оқуға түсу шарттарымен, мамандықтармен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C52S0wRoHk5/?igsh=MhsdzNjNHA5YQ==>



Кәсіптік бағдар беру мақсатында, 24.04.2024 жылы “Бурабай ауданы Қатаркөл ауылы, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ көледжі” МКҚК оқытушылары 9,11 сынып оқушыларымен ZOOM платформасында кездесу өтті. Колледж, мамандықтар, жатақхана туралы ақпарат айтылды. Мақсаты: оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға, белгілі бір мамандықты игерудің нақты мүмкіндіктерін анықтауға, кәсіби өзін-өзі анықтауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, қоғамда табысты әлеуметтенуге жағдай жасауға бағытталған.

<https://www.instagram.com/p/C6ll3cbMfCE/?igsh=OWJsbWp3ZnFid2Ns>




Сәуірдің 25 жұлдызында кәсіптік бағдар беру мақсатында, Алматы қаласы “Синергия” университетінен оқытушылар келіп, 11 “А” сынып оқушыларына мамандықтар туралы, оқуға түсу шарттарымен таныстырды. Оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Мақсаты: оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға, белгілі бір мамандықты игерудің нақты мүмкіндіктерін анықтауға, кәсіби өзін-өзі анықтауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, қоғамда табысты әлеуметтенуге жағдай жасауға бағытталған.

<https://www.instagram.com/p/C6LLjU3MXtu/?igsh=dXYxZnp3YmM3M3E1>



Кәсіптік бағдар беру мақсатында, 02.05.2024 ж. Астана қаласы Басқару колледжінің оқытушылары 9-сынып оқушыларына бағыт-бағдар беріп, мамандықтармен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/C6dJgLGsdzQ/?igsh=MXhjaXh1OHF4eW45MA==>



Белгілі бір мамандық иесі болу әр қалыпты тұлғаның өмір жолының басты мәні, мағынасы деу артық болмас. Осы өмір мағынасының "ірі компоненті" десе де болады. Мамандықтардың сан алуан түрлері бар болғандықтан, соларды әр адамның өзінің қабілетіне не тілегіне қарай таңдауы оңай мәселе емес. Мамандық таңдау тұлғаның кәсіп таңдау жөніндегі ой-көзқарасының пайда болуынан басталады. Жасөспірімдік жас - бұл мінездің құрылу уақыты. Тек осы кезеңде жақын қоршағандардың ортаның әсері үлкен күшпен айтылады. Мамандық таңдау тұлға дамуының жасөспірімдік кезеңінде басталатындықтан, көп жағдайда жасөспірімдер қандай мамандық жақсы екенін құрбыларының, не үлкендердің айтуына қарай шамалайды. Инженер, мұнайшы, педагог, заңгер мамандықтарының қоғамдық маңыздылығы жоғары әрі беделді деп ойлайды. Қорыта келгенде, жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағдар беру процесіндегі кәсіби бағыттылықты қалыптастыру табыстылығы құндылық бағдар жүйесінің және оқушының индивидуалды психологиялық ерекшеліктерімен санаса жүргізілген шараларға байланысты екі факторға тәуелді. Біріншіден, оның тұлғалық кәсіби құндылық бағдар жүйесімен, екіншіден таңдалған мамандықтың қоғамдық маңыздылығымен әлеуметтік беделі жоғары дәрежеде әсер ететініне көз жеткіздік.

Кәсіптік бағдар беруші:

Базылбекова Г.Ж.

<http://sc0008-atbasar.edu.kz/content/7022-23-04-24-12-35-03-proforientacionnaya-rabota>